Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасының атынан

2023 жылғы 13 қазан 3115-23-00-2/2055 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Nurdaulet» Нұрдаулет Асанұлы Шайзинда

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Nurdaulet» Нұрдаулет Асанұлы Шайзинданы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Nurdaulet» Нұрдаулет Асанұлы Шайзинда мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Nurdaulet» Нұрдаулет Асанұлы Шайзиндадан Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 2626,53

(екі алты жүз жиырма алты) теңге 53 тиын тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

«Nurdaulet» Нұрдаулет Асанұлы Шайзиндадан мемлекет пайдасына 1804 (бір мың сегіз жүз төрт) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 13.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 22.11.2023, судья Ясарова Р. К., 22.11.2023

3115-23-3-1/2416